

**«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы МКҚК «Кұлыншақ» кіші тобының
тәрбиешісі Тынымгереева Шара Даулетованың 2025-2026 оқу жылы
бойынша оқу- тәрбие жұмыстарындағы жылдық есебі.**

«Кұлыншақ» кіші тобында қыркүйек айынан 20 бала тәрбиеленді. Оның ішінде 10 қыз бала, 10 ұл бала. Оқу жылын 19 баламен аяқтадық. Балалардың жасы 2 жастан 3 жасқа дейін. Тәрбиешінің ең маңызды міндеті-балалардың мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жағдайына бейімделуіне көмектесу, білім берудің дағдылары бойынша дамыту. Топтың басты мақсаты "Мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру". Тәрбиешінің бақылауымен мәдени-гигиеналық дағдыларға тәрбиеленді. Тамақтанар алдында қолды жууды, бетті, қолды жеке сүлгімен құрғатып сүртуге дағдыланды.

Жұмыс ҚР Білім және ғылым министрлігінің 422-бұйрығы және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұйымдастырылды.

Оқу жылының басында топта балалардың бейімделуіне жағдай жасалды. Топтағы дамытушы орта әр түрлі заттармен және ойын материалдарымен толықты. Топта барлық құрал-жабдықтар, ойыншықтар қолжетімді, ыңғайлы жерде, балалар өз бетінше іс-әрекет түрін таңдай алады. Ойындарға өзіндік жұмыстарға қолайлы жағдай жасалған.

Күннің екінші жартысында балалармен төмендегідей жеке жұмыстар жүргіземін: түстерді ажырату, құрастыру материалдарымен, сонымен қатар ойыншықтарды ажыратуға көмектесу, бірігіп ойнау, бірге әрекет жасап ойын ұйымдастыру. Біздің мақсатымыз балаларды адалдыққа, әдептілікке, мейірімділікке, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға, жаманнан жиреніп жақсыны үйренуге, осы қасиеттерді бойына сіңіруге қалыптастыру. Қозғалыс белсенділігін арттыру үшін серуен, спорттық жаттығулар мен қимылды ойындар өткізілді. Перспективалық жоспар құрылып апталық циклограммалар уақытылы жазылды, онда барлық бірлескен іс-шаралар, кеңестер берілді, сонымен бірге жыл бойы төрт ата-аналар жиналысы өткізілді.

"Күз сыйы-туған елге!" көрмесі өткізілді. "Әрқашан күн сөнбесін" көрмесін ұйымдастырдым. "Шырша тойын тойлаймыз" жаңа жыл ертеңгілігі өткізілді. Барлық ертеңгіліктерде мерекелік көңіл күйде болып ойын ойнады, ән айтты, билерін биледі және осы мерекелерге жылжымалы папқалар шығарылды, топқа мерекелік безендіру жасалынды. Оқу –ағарту министрлігінен 2025 жылдың қазан айында Ұстаздар мерекесіне орай «Алғыс хат» алдым.

Балалармен мақсатты жұмысты жалғастыру, талапқа сәйкес топтағы дамытушы ортаны жетілдіру. Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс және гигиеналық мәдениетін дамыту. Заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып жұмысты жалғастыру.

Тәрбиеші:  Тынымгереева Ш.Д.